

К.Ч. Байсултанова

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail.ru: baisultan_k@mail.ru)*

Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясының өзекті мәселелері

Аңдатпа. Қазіргі таңда халықаралық қатынастардың күрделенуі сыртқы экономикалық байланыстарға жан-жақты әсерін тигізіп отырғандығын байқатады. Экономикалық мәселелер халықаралық қатынастар жүйесінде әрдайым маңызды орында тұратындығы белгілі. Бүгінгі әлемдік конъюнктурадағы саяси және экономикалық факторлар сыртқы нарыққа да ықпал етіп, ұлттық өнімдерді ілгерлету мен сату бойынша бірқатар мәселелерді тудырып отыр. Халықаралық деңгейде отандық бизнесті қолдау мен оның өнімдерін шетел нарығында сатуға қолайлы жағдай туғызу – мемлекеттік саясаттың өзекті міндеттердің бірі. Осы ретте экономикалық дипломатияның мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану еліміздің өркендеуіне оң әсер етеді, сыртқы экономикалық мақсаттарды жүзеге асыруға ықпалын тигізеді. Ұлттық экономиканың бәсекелестігін әлемдік нарық деңгейінде көтеруде экономикалық дипломатияның алатын орны ерекше. Автордың пайымдауынша, халықаралық қатынастардың бүгінгі жағдайында Қазақстан Республикасы шетелдермен өзара сауда-экономикалық серіктестік қарым-қатынасты кеңейте отырып, ұлттық экономиканы дамыта алады. Қазақстанның экономикалық дипломатиялық байланыстарын нығайтуы аймақтың саяси-экономикалық ахуалына да оң әсер етеді, инвестиция тартуға қолайлы жағдайлар қалыптасады, алыс-жақын шетелдермен ынтымақтастықты одан әрі ұлғайтуға мол мүмкіндіктер туады. Осындай мәселелер Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясын зерттеу мен оның құрамдас бөлігі саналатын коммерциялық дипломатияның мәні мен мазмұнын ашуды өзектендіріп отыр. Бұл мақалада Қазақстанның экономикалық дипломатиясының ерекшелігі мен осы бағыттағы мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың атқаратын іс-шараларын саралауға талпыныс жасалған. Автор отандық кәсіпорындардың бәсекелестігін бағалауда, оларды шетел нарығына бейімдеуде, отандық тауарлардың халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін анықтауда экономикалық дипломатияның рөлін анықтаған.

Түйін сөздер: экономикалық дипломатия, коммерциялық дипломатия, қоғамдық ұйымдар, сауда-экономикалық қатынастар, экспорт, Қазақстан, стратегиялық серіктестер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-144-3-37-46>

Түсті: 01.04.2022 / Жариялауға қабылданды: 10.06.2023

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Орталық Азиядағы сауда-экономикалық мүмкіндігі жеткілікті мемлекеттер қатарына жатады. Қазіргі таңда Қазақстан алыс және жақын шетелдермен жан-жақты, барлық

салаларды қамтитын байланыс орнатқан. Қазақстанның Орталық Азия аймағындағы алатын орны ерекше, біздің еліміз аймақ ішіндегі ынтымақтастыққа және әлемдік интеграциялануға басты назар аударып келеді. Аймақтағы мемлекеттердің экономикалық байланыстарын жетілдіру

жалпы Орталық Азияның экономикалық күш-қуатын нығайтуға ықпал етеді. Осы аймақтағы сауда-экономикалық саладағы экспорттың шектеулігі, институционалдық деңгейдің жетілмеуі, заңнамалар базасының толық үйлеспеуі сияқты бірқатар мәселелер Қазақстан Республикасына да тән. Оларды шешудің жолдарының бірі аймақтағы елдердің экономикалық дипломатиясына көңіл бөлу мен аймақаралық экономикалық дипломатияны дамыту.

Жаһанданған экономика жағдайында сыртқы нарықтағы отандық компаниялар мен бизнес өкілдерінің мүддесін қорғауда экономикалық дипломатияның рөлі аса маңызды. Экономикалық дипломатияның құрамдас бөлігі – коммерциялық дипломатия отандық өндірушілердің, бизнес-құрылымдардың мүддесі аймақтық және халықаралық дәрежеде қорғау мен қолдаудың бірден-бір тиімді механизмі. Сыртқы сауда-экономикалық қатынастар саласында жұмыс істейтін мемлекеттік органдармен қатар, бизнес-құрылымдар, сауда палаталары мен қоғамдық ұйымдардың қызметтері де экономикалық дипломатияның құрамына кіреді. Олардың дипломатиялық әдіс-тәсілдерді басқа шетел компанияларымен экономикалық байланыстарда барынша қолдануы әлемдік нарықта ұлттық мүддені қамтамасыз етудегі мүмкіндігін арттырады. Қазіргі таңда жалпы экономикалық дипломатия ғалымдардың қызығушылығын тудырып келеді, Қазақстан Республикасының осы бағыттағы жұмысын теориялық және практикалық тұрғыдан талдау өзекті мәселе болып отыр.

Зерттеудің теориялық – әдіснамалық негіздері

Экономикалық дипломатияны зерттеуші ғалымдардың бұл мәселе туралы пікірлері мен зерттеу әдістері әр түрлі. Ағылшын ғалымдары Н.Бейн и С.Вуллок «экономикалық дипломатия халықаралық экономикалық мәселелерімен айналысады. Жалпы алғанда, экономикалық дипломатия кең тұрғыда үкімет атқаратын қызметпен айналысады. Ол сыртқы істер министрлігі сияқты басқа да шенеуіктердің

жабық істерінен де кеңірек. Экономикалық жауапкершілігі бар және халықаралық деңгейде қызметтегі барлық мемлекеттік органдар экономикалық дипломатиямен айналысады, бірақ олардың істері бұлай аталмауы да мүмкін деген ой білдіреді [1].

Экономикалық дипломатиямен мемлекеттік органдармен қатар, мемлекеттік емес ұйымдар, экспорт саласында жұмыс істейтін қоғамдық институттар да айналысады.

Шетел зерттеушілері Van Bergeij и Peter A. G. пайымдауынша қазіргі экономикалық дипломатия жүйе үш құрамдас бөліктерден тұрады. Олардың қатарына коммерциялық дипломатия мен қоғамдық (мемлекеттік емес) ұйымдар қызметі, құрылымдық саясат пен сауда, инвестиция бойынша екіжақты келісімдер және халықаралық ұйымдардың қызметі жатады [2].

Зерттеушілердің экономикалық дипломатия мен коммерциялық дипломатия туралы пікірлері де бір-бірінен өзгешеленеді. Мысалы, ресей зерттеушісі Д.А. Дегтерев коммерциялық дипломатия экономикалық дипломатиядан айрықша деген ой тастайды. Кейбір батыс зерттеушілерінің тұжырымдамаларында көбінесе микроэкономикалық дипломатияның орнына коммерциялық дипломатия термині (ағылшын тілінен *commercial diplomacy*) қолданылады, ал макроэкономикалық дипломатия экономикалық дипломатияны (ағылш. *economic diplomacy*) білдіреді [3].

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде экономикалық дипломатияның төмендегідей төрт бағытын атап көрсетеді:

– саяси-құқықтық – әлемдік шаруашылық байланыстарын реттеудің халықаралық және көп жақтық тәртібін құрастыру;

– ақпараттық-саралау – әр түрлі халықаралық ұйымдар мен бірлестіктерге қатысудың экономикалық тиімділігін, реттеу тәртібін түсіндіру, ұлттық және халықаралық нарықтағы жағдайды талдау мен болжау;

– техникалық-кеңестік техникалық ықпал жасау мен дамуға көмектесу;

– нақты мақсаттық бағыттағы қаржылық-несиелік операциялар;

Зерттеуші Т.М.Исаченко экономикалық дипломатия ұлттық бизнес мүдделерін ілгерлету мен саяси насихаттау, шешімдер қабылдау жүйесінің жиынтығы деген қорытынды жасаған [4].

Ғалымдардың көпшілігі коммерциялық дипломатияның экономикалық дипломатия аясында зерттеген, олардың міндеттері мен атқаратын іс-шараларының ұқсастығына назар аударғанын зерттеушілердің тұжырымдамаларынан байқаймыз.

Ресей ғалымы Ю.Лексютин XXІ ғасырда экономикалық дипломатияны экономикалық құралдар мен экономикалық мүмкіндіктерді ұлттық мүддемен сыртқы саяси мақсаттарға жету үшін қолдану деген жоғарыдағы пікірге жақын ой айтады. Коммерциялық дипломатия қазіргі дипломатияның ең өзекті формасы, зерттеушілердің пікіріне сәйкес «коммерциялық дипломатия сауда мен инвестиция саласында сыртқы экономикалық мақсаттарға жету үшін дипломатиялық әдістерді қолдану» [5].

Экономикалық дипломатияны зерттеуші ғалымдардың тұжырымдары мен ой-пікірлерінің әртүрлі болуы әлі де болса теориялық, әдіснамалық және практикалық тұрғыда зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе екендігін байқатады.

Мақала аясындағы зерттеудің әдіснамасы ретінде экономикалық, саяси факторларды бірге қарастыратын кешенді әдіс қолданылды. Бұл экономикалық дипломатияны экономика мен басқа да әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың тұжырымдамаларын біріктіре отырып талдауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясы алдындағы мақсат-міндеттері, атқарылған іс-шаралары, жүзеге асырушылардың іс-қимылдары бір-бірімен байланысқан кешен түрінде талданды.

Мақала аясында экономикалық дипломатияны жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен осы бағыттағы қоғамдық ұйымдардың атқаратын іс-шараларын саралауда институционалдық әдіс пайдаланылды. Бұл орайда Сыртқы істер министрлігіне қарасты дипломатиялық қызмет құрылымдары мен

қоғамдық ұйымдардың жұмысы талданып, олардың арасындағы әр-түрлі іс-шаралар, өзара экономикалық әрекеттесу мен осы саладағы қоғамдық қарым-қатынастарды зерттеу нысаны ретінде қарастырылды.

Статистикалық әдіс Қазақстан мен басқа шет елдерінің арасындағы тауар айналымын, сандық көрсеткіштерді, экономикалық дипломатияға ықпал ететін факторлардың өзара байланысын анықтауға мүмкіндік берді.

Мақала ғылыми қағидаға сүйенеді, көтеріліп отырған мәселелер нақты дәлелденген, дәйекті материалдар мен құжаттарға негізделіп сараланған.

Мәселені талқылау мен нәтижесі

XXІ ғасырда жаһандану үрдісіне халықаралық қатынастардағы экономикалық факторлардың күшейе түскендігі байқалады. Әлемдегі бірқатар қаржылық-экономикалық ұйымдардың белсенділігі артып, сауда-экономикалық келісім шарттар жасасып, ел дамуына елеулі үлес қосып келеді. Сонымен қатар, соңғы уақыттарда халықаралық қатынастардың шиеленісуіне байланысты көп жылдар бойы қалыптасқан сауда-экономикалық ережелер мен сауда айналымдары да бұзылып, экономикалық санкциялар мемлекетаралық байланыстарда жазалау құрал ретінде қолданылып жатқандығын байқаймыз. Әлемдегі бұндай үрдістер интеграцияланған елдер саясаты мен экономикасына әсерін тигізбей қойған жоқ. Бұл ретте Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясының алдына бірқатар мақсат мен міндеттерді айқындалады.

ҚР-ның «Қазақстан–2050» стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Болашаққа бағдарланған даму бағыттары» атты стратегиялық бағдарламасында «Экономикалық және сауда дипломатиясын белсенді түрде дамытуда біздің міндеттеріміз: сыртқы саясатты әртараптандыру, ұлттық экономикалық және сауда мүдделерін қорғау және ілгерілету үшін экономикалық және сауда дипломатиясын дамыту» деп көрсетілген [6].

Қазақстанның экономикалық дипломатиясының негізгі бағыттарына ұлттық экспорттың номенклатурасын, көлемін және географиясын кеңейтуге ықпал ету жатады. Мемлекеттік құжаттарда Республика үшін «2025 жылға дейінгі сауда саясатының мемлекеттік бағдарламасында» айқындалғандай, бірінші кезекте шикізаттық емес экспортты дамыту маңызды. ҚР Сыртқы саясат тұжырымдамасына сәйкес халықаралық сапа стандарттарын әзірлеуге және енгізуге, қазақстандық тауарлар мен қызметтердің экспортына кедергі келтіретін тарифтік, тарифтік емес және қорғау шараларын алып тастауға белсенді ат салысады делінген [7].

Экономикалық дипломатия міндеттерін іске асыру мақсатында қазақстандық делегациялардың, оның ішінде ел басшылығының барлық шетелдік сапарлары, сондай-ақ шет мемлекеттер басшылары мен өкілдерінің Қазақстанға сапарлары шетелдік бизнес-қоғамдастықпен жеке кездесулерді көздейді және коммерциялық келісімдерге алып келуі тиіс [8].

Қазіргі уақытта елімізде экспорттың сапалы құрылымын трансформациялау мен экономиканың шикізаттық емес секторына бағдарлау жұмыстары жүргізілуде. Сыртқы істер министрлігінің негізгі қызметтерінің бірі - экономикалық дипломатияның басым міндеттерін іске асыру. Аталған Министрлік ұлт экономикасына инвестициялар тартуға және өнімді экспортқа шығаруға мүдделі қазақстандық компанияларға жәрдемдеседі. Сонымен қатар, экономиканың маңызды драйвері ретінде халықаралық шағын және орта бизнес нарығындағы бәсекеге қабілеттілікке ерекше назар аударады.

Сондай шаралардың біріне 2018 жылдың тамыз айында ұйымдастырылған қазақстандық компаниялардың Тәжікстанға сауда-экономикалық миссиясын жатқызуға болады, оның қорытындысы бойынша Қазақстанда өндірілген автобустарды, жиһаздарды және автомобильдерді жеткізуге байланысты жалпы сомасы 18,8 млн долларға үш келісімге қол қойылды. «Talas Investment Company» ЖШС, «Қазақстан зергерлер лигасы» ЗТБ,

«NavyCo» ЖШС, «ARMYTEX» ЖШС сияқты қазақстандық компаниялар экспортты дамытуға немесе инвестициялар тартуға мүдделі екендігін байқатты [9].

Қазақстанның әлемдік нарықтағы сауда дипломатиясының табысты іске асырылуы шет мемлекеттер арасындағы тығыз сауда-экономикалық қатынастармен анықталады. Қазақстандық өнімдерді импорттайтын және экспорттайтын Ресей, Қытай, Италия, Оңтүстік Корея, Франция, Түркия және басқа да елдер стратегиялық сауда әріптестері қатарына кіреді. Сондай-ақ, Қытай, Италия, Ресей, Нидерланды, Орталық Азия елдері, Түркия, АҚШ, Ұлыбритания сияқты серіктестер арасында тауар айналымы артып келе жатқандығы ашық статистикалық мәліметтерден байқалады.

«Elim» маркетингтік және әлеуметтанулық зерттеулер институтының мәліметтері бойынша 2020 жылы экспорттың жалпы 20% төмендеуіне қарамастан, ұлттық экономиканың жекелеген салалары экспортты ұлғайта алды. Мұндай тауарларға химиялық және онымен байланысты салалардың өнімдері, бағалы және жартылай бағалы тастар, тоқыма материалдары мен тоқыма бұйымдары, жер үсті көлік құралдары, ұшу аппараттары, жүзгіш құралдар, дайын тамақ өнімдері, алкогольді және алкогольсіз сусындар мен сірке суы, темекі және оның алмастырғыштары жатады.

Сондай-ақ, 2020 жылы импорттың жалпы көлемі 3,7% - ға немесе 1 397 488,1 мың АҚШ долларына өсті. Машиналар мен жабдықтардың, электротехникалық жабдықтар мен олардың бөлшектерінің, химиялық және онымен байланысты салалардың өнімдерінің, дайын тамақ өнімдерінің, алкогольді және алкогольсіз сусындардың және сірке суының және басқалардың импорты ең үлкен өсуді көрсетті. Аймақтық бөліністе қазақстандық энергия тасымалдаушылардың негізгі тұғынушылары болып табылатын Еуропа елдеріне экспорт көлемінің барынша төмендеуі орын алды. Бұл төмендеу ішінара Қытай мен Азия елдеріне экспорттың ұлғаюымен толықтырылды [10]. Жоғарыда келтірілген деректер пандемия жағдайында

еліміздің экономика саласындағы табысты жұмысын айғақтайды, бұл ретте экономикалық дипломатия алдындағы міндеттердің біртіндеп жүзеге асып келе жатқандығын байқаймыз. Әлемдік нарықтағы күрделі жағдай және пандемияның алғашқы кезеңіндегі тауар айналымының құлдырауы сыртқы экономикалық байланыстарда жаңа әдістері мен құралдарының қажеттілігін дәлелдеді.

ҚР Үкіметі шикізат экспортын қысқарту, демек, шикізат емес тауарлар экспортын ұлғайту жөнінде шаралар әзірледі. Өзірленген шаралар аясында отандық экспорттаушыларды дамыту құралдарын қолдайтын сауда миссиялары мен акселерацияларын өткізді. PricewaterhouseCoopers, KPMG, Deloitte, Digital сияқты консалтингтік компаниялармен және Deutsche Bank, Сбербанк, Росексимбанк қаржы институттарымен ынтымақтасады. Акселерация бағдарламасы экспорттық қызмет тәжірибесі жоқ компанияларға да, экспортгеографиясын кеңейтуге ұмтылатын жұмыс істеп тұрған экспорттаушыларға да бағытталған. Акселерация бойынша жұмыс өнеркәсіптің 5 саласының 100-ден астам кәсіпорны бойынша жүргізіледі: тамақ, машина жасау, жеңіл және химия өнеркәсібі, сондай-ақ, IT компьютерлік қызмет көрсету салалары. 2021 жылы РФ, ҚХР, Өзбекстан, Қырғызстан, БАӘ экспорт елдері қатарында болды [11].

Бүгінгі таңда 400-ден астам отандық компания өз тауарларын шетелдік нарықтарға жеткізеді. Сарапшылардың пікірінше, қазақстандық өнімдердің халықаралық экологиялық талаптарға сәйкестігі жоғары, сұранысқа ие. Алайда, логистика проблемалары, маркетингтік зерттеулердің жеткіліксіздігі, қазақстандық шағын және орта бизнес тауарларының аз танылуы мен географиялық кеңістікке кең таралмауы сияқты мәселелер отандық тауарлар экспортына елеулі кедергі келтіреді. Халықаралық нарыққа тауарлар экспорты саласындағы шешілмеген мәселелер мен кедергілерге байланысты экспорт көлемі әзірге қажетті нәтижеге жеткен жоқ.

Әдетте, экономикалық дипломатияның қызметіне сыртқы экономикалық салада белгіленген шараларды іске асыру мақсатында мемлекеттік емес ұйымдар да белсенді қатысады. Осындай қоғамдық институттардың біріне ішкі және сыртқы сауда мәселелерімен айналысатын, кәсіпкерліктің барлық салаларын өз қызметтерімен қамтитын, шағын, орта және ірі бизнестің мүдделерін білдіретін «Атамекен» ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы (ҰКП) жатады. «Атамекен» ҰКП қызметі ұлттық және шетелдік инвесторлар үшін іскерлік, инвестициялық ахуалды жақсартуға, тұрақтылықты қамтамасыз етуге, елде бизнес жүргізу жағдайларын оңтайландыруға, кәсіпкерлік субъектілерінің сыртқы экономикалық қызметін ынталандыруға, сондай-ақ инвестициялар тарту және экономиканы әртараптандыруға бағытталған. «Атамекен» ҚР ҰКП аясында Қазақстанның сыртқы сауда палатасы (ВТП)- еншілес ұйымы жұмыс істейді. Оның міндетіне сыртқы экономикалық саладағы қазақстандық бизнестің мүдделерін әлемге таныту кіреді [12]. «Атамекен» ҚР ҰКП шетелдердің тауар өндірушілерімен өзара тиімді ынтымақтастығын жолға қою және іскерлік байланыстар орнатуды мақсат етеді.

Осы бағыттағы тағы да бір белсенді ұйым «KazakhExport» АҚ экспорттық сақтандыру компаниясы», оның мақсаты экономиканың басым секторларында шикізаттық емес тауарлар, қызмет түрлерінің экспортының өсуін қолдау және қазақстандық кәсіпорындарды қаржылық-сақтандыру және қаржылай емес қолдау тәжірибесін қалыптастыру. Бұл ұйым 2023 жылы Орталық Азия өңірінде және Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде ҚР-ның Мемлекеттік сыртқы экономикалық саясатын іске асырудағы негізгі даму институты болуға ниетті [13].

Қазақстан Республикасында экспорттаушыларды қаржылық қолдауды Қазақстанның ірі қаржы институттарының бірі «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ да жүзеге асырады. Инвестициялық жобаларды қаржыландырумен қатар, Банк экспорттық операцияларды қаржыландыру қызметтерін ұсынады,

соның ішінде қазақстандық өнімді жеткізуші – резидентке де, қазақстандық өнімді сатып алушы – резидент емеске де қарыз беру арқылы қаржыландырады [14].

«Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ мамандандырылған ұйымы Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің экспорттық әлеуетін дамытуға және іске асыруға жәрдемдесуге бағытталған [15].

Аталған мемлекеттік емес институттар іскерлік кездесулерді, сауда миссиясын, импорттық және экспорттық тауарлар жәрмеңкелерін, бизнес-турларды ұйымдастырумен, мониторингпен, тәуекелдерді анықтаумен айналысады. Сондай-ақ қазақстандық экспорттаушыларға, шетелдік компанияларға кеңестер беріп, сыртқы сауда-экономикалық байланыстар жөнінде іс-шараларды ұйымдастырға көмектеседі. Отандық экспорттаушыларға қаржылық қолдау және сақтандыру қызметтерін ұсынады.

«QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ деректеріне сәйкес экспорттаушыларға кеңестік-талдамалық қолдау көрсету шеңберінде жыл сайын әлемнің 7 елінің нарықтарына талдау жүргізіледі. Олардың мақсаты қазақстандық экспорттың тауарлық позициялары мен қызметтерінің бәсекелестігі мен тұтыну трендінің анықтау бойынша мониторинг жүргізу, сондай-ақ осы елдердің нарықтарына ену шарттарын зерделеу. Мұндай елдерге Чехия, Ресей, Қытай, Корея Республикасы, Қырғызстан, Египет және Сауд Арабиясы жатады [16].

Жалпы алғанда, еліміздің экономикалық дипломатиясы басқа да шет елдер сияқты сыртқы экономикалық мақсаттарды жүзеге асыруда сауда мен инвестиция саласында дипломатиялық әдіс-тәсілдерді қолданып келеді. Сыртқы және ішкі саясат үйлесімділігін сақтай отырып, сауда-экономикалық саланы либерализациялау, ұлттық экономиканың дамуын жетілдіру, жеке секторлардың халықаралық нарықтағы үлесін арттыру сияқты мәселелерге мән береді.

Қорыта айтқанда, бүгінгі халықаралық қатынастардың трансформациялануы жағдайында экономикалық мүдде мен

сыртқы экономикалық байланыстарды нығайту басымдылық екендігі айқын. Экономикалық қуаттылығы мықты мемлекеттердің әлемдік деңгейде беделі мен күші де басым болып отыр. Осындай әлемдік үрдісті жан-жақты саралау нәтижесі экономикалық дипломатияның рөлінің өсіп келе жатқандығын байқатады. Қазіргі таңда экономикалық дипломатия ғылыми және практикалық түрде талдауды қажет ететін мәселе. Бұл ретте зерттеушілердің бірі тобы сыртқы сауда-экономикалық, инвестиция саласындағы дипломатиялық әдіс-тәсілдерге назар аударса, басқа зерттеушілер экономика мен саясаттың тоғысқан тұсы ретінде қабылданған шешімдерге көңіл бөледі, енді бірі оны «жұмсақ күш» концепциясы тұрғысынан зерттейді. Экономикалық дипломатияны зерттеуші ғалымдардың әртүрлі тұжырымдары экономикалық дипломатияның кешенді мәселе екендігін көрсетеді. Автор қазіргі экономикалық дипломатия халықаралық қатынастардың күрделенген жағдайында ұлттық мүддені қолдау мақсатында шетелдермен байланыстағы саяси шешімдерде жалпы дипломатиялық құралдар мен әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану деген қорытынды жасайды.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда-экономика саласындағы мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың қызметін талдау нәтижелерін қорытындылай келе, экономикалық дипломатияның мемлекеттің сыртқы саясатында маңызды орын алатынына көз жеткіздік. Экономикалық дипломатия сыртқы саясаттың жеке бағыты ретінде мемлекеттер арасында өзара ықпалдасу мен серіктестікке серпін беріп, жаңа қатынас форматын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жаһандық сауда-экономикалық нарықта ұлттық экономикалық мақсатқа қол жеткізу үшін мемлекеттік органдармен қатар, қоғамдық институттардың сауда-экономикалық салаға белсенді қатысуын қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының

экономикалық дипломатиясына жаңа мүмкіндіктер бермек. Қазақстанның экономикалық дипломатиясы отандық кәсіпорындардың бәселестігін бағалап, оларды шетел нарығына жарнамалау мен насихаттау жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар, отандық тауарлардың халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Халықаралық нарықтарда отандық тауарларды ілгерілетуде, экспорттық-импорттық операциялар үшін жаңа нарықтардың ашылуына мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдар да ат салысады. Олардың көмегімен сауда-экономикалық қатынастар дамиды, жаңа серіктестер іздеумен айналысады, ұлттық экономиканың әлеуетін ашу үшін жұмыс істейді. Барлық отандық компаниялар үшін халықаралық сарапшылардың қатысуымен оқу курстары жүргізіледі. Компанияның күшті және әлсіз жақтарын бағалайтын сараптамалық анықтамалар жасайды, сондай-ақ өнімдерді жаңа нарықтарға шығару бойынша кеңес пен экспорттық рәсімдер мен қажетті нарықтардағы мүмкіндіктер туралы жаңа ақпарат береді. Мемлекеттік емес ұйымдар сауда шарттарын келістіреді, іскер топтардың кездесулері мен тренингтерін өткізеді, экономикалық саладағы дипломаттармен,

Сыртқы Істер Министрлігі өкілдерімен жұмысты үйлестіреді.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясы қалыптасу барысында, бірқатар оңтайлы іс-шаралар атқарылып келеді. Алайда, 2022 жылдың қаңтар мен қараша айларындағы жарияланған сауда-саттық жөніндегі статистикалық мәліметтерге сүйенсек, еліміздің экономикалық дипломатиясының алдына қойылған шикізаттық емес экспортты ұлғайту, сыртқы саясатты әртараптандыру, ұлттық экономикалық және сауда мүдделерін қорғау және ілгерілету сияқты жұмыстар толыққанды жүзеге аспай отыр. Бұл жағдайдың шешу жолдарының бірі ретінде АҚШ, Қытай, Франция, Ұлыбритания сияқты елдердің экономикалық дипломатия саласындағы озық тәжірибелеріне назар аударып, оның елімізде қолдану мүмкіндігін қарастыру қажет. Сонымен қатар, дипломат мамандарды даярлауда олардың экономикалық құзыреттілігін қалыптастыру да маңызды. Қазақстан Республикасының экономикалық дипломатиясының барлық тетіктері мен механизмдерін іске қосу арқылы стратегиялық мақсат-міндеттеріне қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Bayne N. and Woolcock S. The new economic diplomacy: decision-making and negotiation in international economic relations. – Farnham-Burlington, 2011. – 450 p.
2. Bergeij V., Peter A. G. Economic Diplomacy and the Geography of International Trade. – Edward Elgar Publishing, North Hampton, 2009. – 240 p.
3. Дегтерев Д.А. Микро- и макроэкономическая дипломатия. Теория и практика. Сборник научных трудов профессорско-преподавательского состава, научных сотрудников и аспирантов по итогам НИР 2007 года. – СПб.: Санкт-Петербургский государственный университет экономики и финансов. – 2008. – С. 225-228.
4. Исаченко Т.М. Экономическая дипломатия в условиях политического кризиса // Вестник СПбГУ. Серия 5. – № 3. – 2015.
5. Leksyutina YA. China's Economic Diplomacy in the 21st Century// Far Eastern Affairs. -2015. – Vol. 43.- No. 2. – P. 65-81.
6. Стратегия "Казахстан-2050": новый политический курс состоявшегося государства. [Электрон. ресурс] – 2023. – URL: <http://https://adilet.zan.kz/> (қарастырылған күні: 14.12.2022).
7. О Концепции внешней политики Республики Казахстан на 2020-2030 годы, Указ Президента Республики Казахстан от 6 марта 2020 года № 280. [Электрон. ресурс] – 2023. – URL: [http:// https://adilet.zan.kz/](http://https://adilet.zan.kz/) (қарастырылған күні: 20.11.2022).

8. Имашев Д., Кульмаганбетов А. «Экономическая дипломатия» привлекает иностранные инвестиции в страну. [Электрон. ресурс] – 2023. – URL: <http://strategy2050.kz/ru/news/53282/> (қарастырылған күні: 18.10.2022).

9. Экономическая дипломатия: как МИД Казахстана решает поставленные Президентом задачи. [Электрон. ресурс] – 2023. – URL: <http://www.zakon.kz/> (қарастырылған күні: 23.09.2022).

10. Кекчебаев Е., Жакупова Г., Сулейменов Р. Экономика Казахстана 2020. Итоги, статистика, анализ. [Электрон. ресурс] – 2023. – URL: <https://marketingcenter.kz/20/economy-kazakhstan-2020/> (қарастырылған күні: 22.10.2022).

11. Казахстанские производители становятся поставщиками торговых сетей соседних стран. [Электрон. ресурс] – 2023. – URL: <https://kapital.kz/economic/> (қарастырылған күні: 05.08.2022).

12. Официальный сайт НПП «Атамекен». [Электрон. ресурс] – 2023. – URL: <https://atameken.kz> (қарастырылған күні: 09.11.2022).

13. Официальный сайт KazakhExport. [Электрон. ресурс] – 2023. – URL: <https://kazakhexport.kz/> (қарастырылған күні: 09.11.2022).

14. Официальный сайт РБК. [Электрон. ресурс] – 2023. – URL: <http://www.kdb.kz/> (қарастырылған күні: 14.08.2022).

15. Официальный сайт АО «Аграрная кредитная корпорация». [Электрон. ресурс] – 2023. – URL: <http://www.kazagro.kz/> (қарастырылған күні: 14.10.2022).

16. АО Центр развития торговой политики 'QazTrade. [Электрон. ресурс] – 2023. – URL: <https://www.export.gov.kz/> (қарастырылған күні: 10.10.2022).

К.Ч. Байсултанова

*Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,
Алматы, Казахстан*

Актуальные проблемы экономической дипломатии Республики Казахстан

Аннотация. В настоящее время усложнение международных отношений оказывает всестороннее влияние на внешнеэкономические связи. Известно, что экономические вопросы всегда занимают важное место в системе международных отношений. Политические и экономические факторы в современной мировой конъюнктуре сильно влияют на мировой рынок, создавая ряд проблем по продвижению и реализации национальной продукции. Поддержка отечественного бизнеса на международном уровне и создание благоприятных условий для продвижения его продукции на зарубежном рынке – одна из актуальных задач государственной политики. При этом правильное использование возможностей экономической дипломатии положительно отразится на процветании страны, будет способствовать реализации внешнеэкономических целей. Экономическая дипломатия занимает особое место в повышении конкуренции национальной экономики на уровне мирового рынка. Автор считает, что в современных условиях международных отношений Республика Казахстан может развивать национальную экономику, расширяя взаимные торгово-экономические партнерские отношения с зарубежными странами. Укрепление экономических дипломатических связей Казахстана также положительно скажется на политико-экономическом климате региона, будут созданы благоприятные условия для привлечения инвестиций, появятся широкие возможности для дальнейшего наращивания сотрудничества с дальним и ближним зарубежьем. Эти вопросы подчеркивают важность изучения экономической дипломатии Республики Казахстан и понимания ее важнейшей составляющей – коммерческой дипломатии. В данной статье предпринята попытка анализа особенностей экономической дипломатии Казахстана и мероприятий, проводимых государственными органами и негосударственными организациями в данном направлении. Автором определена роль экономической дипломатии в оценке конкурентоспособности отечественных предприятий, адаптации их к зарубежному рынку, определении конкурентоспособности отечественных товаров на международном рынке.

Ключевые слова: экономическая дипломатия, коммерческая дипломатия, общественные организации, торгово-экономические отношения, экспорт, Казахстан, стратегические партнеры.

K.Ch. Baissultanova

*Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan*

Current issues of economic diplomacy in the Republic of Kazakhstan

Abstract. At present, the increasing complexity of international relations has a comprehensive impact on foreign economic relations. It is known that economic issues always occupy an important place in the system of international relations. Political and economic factors in the current world conjuncture strongly influence the world market, creating a number of problems in the promotion and realization of national products. Supporting domestic business at the international level and creating favorable conditions for the promotion of its products in foreign markets is one of the urgent tasks of state policy. In this case, the correct use of economic diplomacy opportunities will have a positive impact on the prosperity of the country and contribute to the realization of foreign economic goals. Economic diplomacy occupies a special place in increasing the competition of the national economy at the level of the world market. The author believes that in the current conditions of international relations, the Republic of Kazakhstan can develop the national economy by expanding mutual trade and economic partnerships with foreign countries. Strengthening economic diplomatic ties of Kazakhstan will also have a positive impact on the political and economic climate of the region, creating favorable conditions to attract investment and ample opportunities for further increasing cooperation with far and near abroad.

These issues highlight the importance of studying economic diplomacy in the Republic of Kazakhstan and understanding its essential component, commercial diplomacy. This article attempts to analyze the peculiarities of economic diplomacy in Kazakhstan and the activities carried out by government agencies and non-governmental organizations in this direction. The author defines the role of economic diplomacy in assessing the competitiveness of domestic enterprises, their adaptation to foreign markets, and determining the competitiveness of domestic goods in the international market.

Keywords: economic diplomacy, commercial diplomacy, public organizations, trade and economic relations, export, Kazakhstan, strategic partners.

References

1. Bayne N., and Woolcock S. The new economic diplomacy: decision-making and negotiation in international economic relations / Nicholas Bayne and Stephen Woolcock. (Farnham-Burlington, 2011, 450 p.)
2. Bergeij V., Peter A. G. Economic Diplomacy and the Geography of International Trade. (Edward Elgar Publishing, North Hampton, 2009, 240 p.)
3. Degterev D.A. Mikro- i makroekonomicheskaya diplomatiya. Teoriya i praktika. Sbornik nauchnykh trudov professorsko-prepodavatel'skogo sostava, nauchnykh sotrudnikov i aspirantov po itogam NIR 2007 goda. SPb.: Sankt-Peterburgskij gosudarstvennyj universitet ekonomiki i finansov. [Micro- and macroeconomic diplomacy. Theory and practice Collection of scientific papers of the teaching staff, researchers and graduate students on the results of research and development in 2007. - St. Petersburg: St. Petersburg State University of Economics and Finance.]. 2008. P. 225-228, [in Russian].
4. Isachenko T.M. Ekonomicheskaya diplomatiya v usloviyax politicheskogo krizisa. [Economic Diplomacy in the Conditions of Political Crisis] (Bulletin of St. Petersburg University. Issue 5. 2015. No.3. [in Russian].
5. Leksyutina YA. China's Economic Diplomacy in the 21st Century. (Far Eastern Affairs. 2015. Vol. 43.No. 2. P. 65-81.
6. Strategiya "Kazakhstan-2050": novyj politicheskij kurs sostoyavshegosya gosudarstva. [Strategy "Kazakhstan-2050": Strategy: a new political course of an established state]. Available at: <http://adilet.zan.kz/> (accessed 14.12.2022), [in Russian].
7. O koncepcii vneshnej politiki Respubliki Kazahxstan na 2020-2030 gody, Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahxstan ot 6 marta 2020 goda № 280. [On the Concept of Foreign Policy of the Republic of Kazakhstan for 2020-2030, Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated March 6, 2020, № 280.] Available at: <http://adilet.zan.kz/> (accessed 20.11.2022), [in Russian].

8. Imashev D., Kul`maganbetov A. «E`konomicheskaya diplomatiya» privlekaet inostranny`e investicii v stranu. ["Economic diplomacy" attracts foreign investments to the country]. Available at: <http://strategy2050.kz/ru/news/53282/> (accessed 18.10.2022), [in Russian].

9. E`konomicheskaya diplomatiya: kak MID Kazaxstana Kazahstana reshaet postavlenny`e Prezidentom zadachi [Economic diplomacy: how the Ministry of Foreign Affairs of Kazakhstan solves the tasks set by the President]. Available at: <http://www.zakon.kz/> (accessed 23.09.2022), [in Russian].

10. Kekchebaev E., Zhakupova G., Sulejmenov Suleimenov R. E`konomika Kazaxstana Kazahstana 2020. Itogi, statistika, analiz. [Economy of Kazakhstan 2020. Results, statistics, analysis]- Available at: <https://marketingcenter.kz/20/economy-kazakhstan-2020/> (accessed 22.10.2022), [in Russian].

11. Kazaxstanskije Kazahstanskije proizvoditeli stanovjatsya postavshhikami torgovy`x h setej sosejdnix sosejdnix stran. [Kazakhstani producers become suppliers of trade networks of neighboring countries]. Available at: <https://kapital.kz/economic/> ((accessed 05.08.2022), [in Russian].

12. Oficial`ny`j sajt NPP «Atameken». Available at: <https://atameken.kz> (accessed 09.11.2022), [in Russian].

13. Oficial`ny`j sajt KazakhExport .[Official site of Atameken NPP]. Available at: <https://kazakhexport.kz/> (accessed 09.11.2022), [in Russian].

14. Oficial`ny`j sajt RBK. [Official website of RBC Bank] .Available at: <http://www.kdb.kz/> (accessed 14.08.2022), [in Russian].

15. Oficial`ny`j sajt AO «Agrarnaya kreditnaya korporaciya». [Official website of Agrarian Credit Corporation JSC]. Available at: <http://www.kazagro.kz/> (accessed 14.10.2022), [in Russian].

16. AO Centr razvitiya torgovoj politiki 'QazTrade.[JSC Trade Policy Development Center 'QazTrade]. Available at: <https://www.export.gov.kz/> (accessed 10.10.2022), [in Russian].

Автор туралы мәлімет:

Байсултанова Кулипа Чарипкановна – саяси ғылымдарының кандидаты, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан.

Baysultanova Kulipa Charipkanovna – Candidate of Political Sciences, Professor, Kazakh Abylai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan.